

## **Маңғыстау мұнай өңдеу зауытын жобалау мен салу жөнінде өткізілген халықаралық конкурстың қорытындылары туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 жылғы 27 қаңтардағы N 24

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Орынбасарының 1992 жылғы 15 мамырдағы N 3-3 өкіміне сәйкес Маңғыстау мұнай өңдеу зауытын жобалау мен салу жөнінде өткізілген халықаралық конкурстың қорытындылары бойынша:

1. Құрамына "Мицуи", "Мицубиси", "Тойо Инжиниринг" компаниялары кіретін консорциум Маңғыстау мұнай өңдеу зауытын жобалау мен салу жөніндегі халықаралық конкурстың жеңімпазы деп танылсын.

2. "Мицуи" және "Мицубиси" компаниялары аталған зауытты жобалау, салу және пайдалануға беру жөніндегі бірлескен кәсіпорында шетелдік әріптестер ретінде бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі: конкурс жеңімпазын таныстыруды Ақтау қаласында өткізсін; жеңімпаз консорциуммен одан әрі жұмыс жөнінде өкілдіктер табыстайтын Қазақстан тарапынан ұйымдарды белгілесін;

бірлескен кәсіпорынның құрылуына және Маңғыстау мұнай өңдеу зауытын жобалау мен салу жөніндегі жұмыстың барысына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-министр